

2021-2024 оқу жылдарындағы кітапхана қызметінің талдауы

«Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімі Көкшетау қаласының М.Ғабдуллин атындағы №3 көпсалалы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кітапханасы Қазақстан республикасы білім беру жүйесінің құрылымдық бөлімшесі, гимназияның стратегиялық даму бағыттарымен және оқу-тәрбие жоспары негізінде бірлесе жұмыс атқаратын орын. Кітапханашы: Сыздыкова Ляззат Мулдағалиевна, Көкшетау қаласының Ш.Уалиханов атындағы Мемлекеттік университетінің «Кітапхана ісі және библиография» мамандығы бойынша 2005 жылы тәмамдаған. Жалпы кітапхана бойынша жұмыс өтілі: 36 жыл.

Кітапхана мектеп ғимаратының бірінші қабатында орналасқан, жалпы ауданы 83 м². Оқу залы мен абонемент біріктірілген, оқу залының сыйымдылығы – 15 орындық, абонементте жалпы кітап қоры алфавиттік және кітапханалық-библиографиялық жіктеу бойынша жинақталған. Оқулықтар қорына арналған 34 шаршы м² екі қойма бар, оқулықтар сыныптар бойынша реттеліп орналастырылған. Оқушылардың сүйікті орнына айналған «Коворкинг» және «Букроссинг» біріктірілген бұрышы ұйымдастырылған және көркем әдебиеттердің Қар кодтары бар мұқабалары безендірілді.

Кітапхананың басты мақсаты: оқушыларға, педагогтерге және қызметкерлерге кітап қорын барынша пайдаланып, олардың сұранысы мен қызығушылығын қанағаттандыру және ақпараттық қызметтің жоғары деңгейін қамтамасыз ету. Көркем әдебиеттерді насихаттап, ұсыну арқылы оқушылардың әлемге деген көзқарасын қалыптастыру, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, ана тілін қастерлеу арқылы білімді де саналы ұрпақ тәрбиелеуге жәрдемдесу. Кітапхананың жұмысы жылдық жоспарға және «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша құрылған арнайы жоспарға сәйкес жүргізіледі. Кітапханада өткізілетін іс-шаралар, бейнероликтер, сайыс-сабақтар, дөңгелек үстелдер, кітапханалық сабақтар, челленджер, саяхат-сабақтар, библиофреш, квест ойындары, танымдық әдеби кештер, «20 минуттық кітап оқу», «Демалысқа – кітаппен», республикалық «Бір ел- бір кітап», «Оқитын Қазақстан», «Оқуға құштар мектеп», «Қыста оқимыз» және т.б. жобалар аясындағы жұмыстар мектеп сайтында, «Instagram» әлеуметтік парақшасында орналастырылған. Оқу жылының басында жаңа әдебиеттерге байланысты «Ашық есік» күндері ұйымдастырылды.

Кітапхана көрсеткіштері

Оқу жылы	Оқырмандар саны	Келу саны	Кітап беру саны
2021-2022	1275	10050	14763
2022-2023	1261	11001	16791
2023-2024	1176	10580	12243

Кітап қорының көрсеткіштері

Оқу жылы	Кітапхананың жалпы қоры	Оның ішінде оқулық саны	Оның ішінде көркем әдебиет	Оқу әдістемеліктер, брошюралар, газет-журналдар	Электронды оқулықтар
2021-2022	38844	27675	11169	1526	3204
2022-2023	36513	25047	11466	2132	3525
2023-2024	35248	23527	11721	2772	3545

Кітапхананың материалдық-техникалық жабдықталуы: 20 темір стеллаж, 13 кітап көрмесіне арналған сәре-стеллаждар, құжаттарға арналған 2 шкаф, компьютерлік үстел -1, компьютер -2, принтер-1. Интернет желісіне қосылған. Сонымен қатар «АЛАҚАН» ақпараттық қызметіне қосылған және оқырмандарға қызмет осы жүйе бойынша көрсетіледі.

Орынд.Сыздыкова Л.М.